

## Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

### Әлеуметтік ғылымдар кафедрасы «Журналистика» мамандығы

#### 2018-2019 оқу жылына қабылдаудағы жазбаша емтиханның БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- 1. Сыни ойлау қабілеті.** Үміткер құбылысты, фактіні өз бетімен сыни тұрғыдан саралап, бағалай алуы керек. Қоғамда қалыптасқан пікірлерді дәйекті түрде қайта ой елегінен өткізіп, толықтырып, жаңартып, жоққа шығару қабілеті жоғары бағаланады. Автордың жалпы эрудициясы, түрлі салалардан хабардар болуы, құбылыстарға өз көзқарасын айта білуі өте маңызды. **(15 балл)**
- 2. Дәйектілік.** Шығарма - адамның тек өз ой-толғамдары емес, яғни автор түрлі ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, саясаткерлер мен сала қызметкерлерінің пікірлері мен тұжырымдарына сүйенуі керек. Шығармада мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, түрлі фактілерді келтіруге болады. **(15 балл)**
- 3. Жүйелілік.** Шығарма құрылымы жүйелі, автордың ойы жатық, түсінікті болуы керек. Ол үшін әр азатжол бір ойды білдіріп тұруы тиіс. Түрлі идеялардың арасында өзара қисынды байланыс болуы қажет. Шығарманың кіріспесі, негізгі бөлімі, шарықтау шегі және қорытындысы болуы керек. Шашыраңқылық, ойды қайталау, пікірлерді қисынды байланыстыра алмау балды кемітеді. **(5 балл)**
- 4. Сауаттылық.** Сөйлемнің стилистикасына, грамматикалық, пунктуациялық сауаттылығына ерекше мән беріледі. Сөйлем мүшелерінің өз орнында тұруы, ойдың нақты, қысқа сөйлемдермен сауатты түрде жеткізілуі өте маңызды. Автордың қазақ тілінде таза жаза алуына, тіл байлығына, сөзді орнымен қолдануына, тілінің жатықтығына назар аударылады. **(5 балл)**

Кафедра меңгерушісі



PhD Саудбаев М.Х.